

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 446 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 18010 болып тіркелді

### БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Ә. Шөкеев

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары – Қазақстан

Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің

2018 жылы 2 қарашадағы

№ 446 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесі

1. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киімді киуге құқығы бар жұмыскерлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 ақпанды № 18-04/128 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 10546 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствоғы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киім киіп жүргүре құқығы бар, жұмыскерлерінің тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствоғы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін

тікелей қорғауды жүзеге асыратын айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киім киіп жұруге құқығы бар, жұмыскерлерінің тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киімді киоғе құқығы бар, жұмыскерлерінің тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствоғы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киім киіп жұруге құқығы бар, жұмыскерлерінің тізбесі".

2. "Аң аулау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11091 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аң аулау қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Заңның 33-бабына сәйкес аң аулау құқығына:

1) егер аң аулау атыс қаруын қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау осы Қағидаларда рұқсат етілген басқа да аңшылық қуралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;

3) "Аңшы, балықшы және қорықшы қуәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша аңшы қуәлігі (бұдан әрі – аңшы қуәлігі) болған;

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат (бұдан әрі - жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат) немесе "Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасын алған жағдайрда жеке тұлғалар ие болады.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шарты, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, жолдама алу, сондай-ақ ішкі істер органдары аңшылық атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге берген қорытынды негізінде туындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Аң аулауды жүргізу тәртібі";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кәсіпшілік аң аулау аңшыда мынадай құжаттар:

1) аңшы күәлігі;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат немесе аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы;

3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүргүре рұқсат;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бүйрығымен бекітілген Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10651 болып тіркелген) 2-қосымшада көзделген нысан бойынша аңшы жыртқыш құстың паспорты (бұдан әрі – аңшы жыртқыш құстың папорты);

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарт;

6) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауланған жануарларды есепке алу журналы (кәсіпшілік журналы) болған кезде жүзеге асырылады.

Ұжымдық (топтық) кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығының субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамды тағайындауды.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Шибөрілерді, қарғаларды, саусықандарды, тағандарды, қаңғыбас иттерді аулау:

1) жануарлар дүниесін қорғауды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының (бұдан әрі – ведомство) және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдалана және авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолдана отырып жүзеге асырған;

2) жануарлардың басқа түрлерін аулау (авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданбай) аң аулауға берілген жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаты қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген кезде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді.

13. Аң аулау:

- 1) ойық ұнғылы атыс қаруын (құстардан басқа);
- 2) тегіс ұнғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 мм аспайтын атыс қаруын;
- 3) аралас (ойық және тегіс ұнғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұнғылы атыс қаруын;
- 4) өзі аулайтын құралдарды (қапқандарды, тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);
- 5) аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолдана отырып, жүргізіледі.

14. Аңшылық иттерді жолдаманың қолданылу аумағынан тыс жерде іздеу және шақыру кезінде аңшы оғы алынған және қапталған аңшылық атыс қарумен болады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір жерден екінші жерге көшкен кезде, аңшы аңшылық атыс қаруын оғы алынған күйге келтіріледі

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында оқ болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.";

18, 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Заңның 38-бабының 5-тармағына сәйкес мына жағдайларда:

- 1) аңшы күелігінсіз;
- 2) атыс қаруын сақтау мен пайдалану құқығын беретін ішкі істер органдары рұқсатынсыз атыс қаруын қолданып;
- 3) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген аушы жыртқыш құстарды қолданып;
- 4) қолданылуы осы қағидаларда көзделмеген аулау құралдарын пайдаланып;
- 5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;
- 6) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;

7) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда олардың айналасындағы үш шақырым радиуста тегіс ұнғылы және ойық ұнғылы аңшылық қаруды қолдана отырып, аңшылық жүргізілмейді;

8) үекілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

9) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, су тасқынанан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, көктайғақ кезінде, аштықтан әлсірегендерді, жусанды панаған суда жүзетін құстарды);

10) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, түнде көру құралдарын, лазерлік нысана көрсеткіштерін, жарық беру және дыбыс шығару құралдарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;

11) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;

12) егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатрага атыс қаруын қолданып;

15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

16) өзен құндызы түрғызған бөгетті бұзып;

17) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпауга және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

18) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

19) тегіс ұнғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған ойық жиналмалы (қосалқыларды) ұнғыны қолданып;

20) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, қаусырмаларды, қапсырмаларды, кескіштерді қолданып; тұзактар құрып, аулау орларын қазып; адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, наизаларды, құс желімін орнату жолымен, тұтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдан шығарып, қоңыр аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

22) торларды қолданып; су құю арқылы іннен шығарып (үәкілетті органмен келісім бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстай үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып, үәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеуқұйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілген жануарлар санынан асырып;

25) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

27) аулап алу объектісі болып табылатын жануарлар түрлеріне, басқа елдерден әкелінген жыртқыш қыран құстарды пайдалана отырып;

28) ерекекүйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлышсыз;

29) тұяқты жануарларды және қоңыр аюды аулау кезінде қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың еріп жүргүйсіз;

30) әуесқойлық (спортық) мақсатта сұырға калибрі бес бұтін оннан алты миллиметрлік бүйірден (сақиналы) тұтандырғыш патронды ойықты қару қолданып;

31) тыныштық сақтау аймақтарында және өсімін молайту участеклерінде аң аулауга тыйым салынады.

19. Жануарлардың популяцияларын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлыш жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасында осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес аң аулауды жүргізу мерзімдері (бұдан әрі – аң аулауды жүргізу мерзімдері) белгіленеді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу туралы және оны осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген аң аулауды жүргізуіндегі белгіленген мерзімдерінен күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым ерте немесе неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды".

3. "Жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 18-2/434 бүйірігінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11346 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидалары осы Тізбеке қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 18-2/501 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11551 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларында:

1-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тaraу. Жалпы ережелер";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізуден өз еркімен бас тартқан;

2) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

3) аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қызметі тоқтатылған;

4) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт талаптары жүйелі түрде бұзылған;

5) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнама талаптары жүйелі түрде бұзылған;

6) аңшылық алқаптарын бекітіп беру жүргізілген жер участекелері 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгілі тәртіппен мемлекеттік мұқтаж үшін алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.";

2-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тaraу. Жануарлар дүниесі объектілерінің мониторингі үшін санын есепке алушы, мәліметтерді жинауды ұйымдастыру";

3-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тaraу. Жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау:

1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нормативтерді белгілеу және сақтау;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуды белгілеу;

3) жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;

4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген қағидаларын бұзуды болдырмау;

5) жануарлар мекендейтін ортаны қорғауды, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;

6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, аумақтарды, акваторияларды бекітіп беру;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру;

8) жануарлар түрлерін жасанды түрде өсіру;

9) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насиҳаттау;

12) жеке және занды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;

13) азаматтарды жануарлар дүниесіне жанашырлықпен және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.";

4-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тaraу. Аңшылық шаруашылықтарының қорықшылық қызметі";

5-taraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-tarau. Бекітіп берілген аңшылық шаруашылықтарында жануарлар дүниесінің өсімін молайту";

6-taraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-tarau. Жануарлар дүниесін пайдалану".

Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің

өзгерістер мен тольқытурулар

енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 13 мамырдағы

№ 18-2/434 бұйрығымен

бекітілген

## **Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидалары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1 -тармағының 71) тармақшасына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді және жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізі ұғымдар пайдаланылады:

1) жануарларды будандастыру – шаруашылықта пайдалы озық белгілері немесе қасиеттері бар дара нұсқаларды алу мақсатында жануарлардың алуан түрлерінің немесе тұқымдарының дара нұсқаларын шағылыстыру;

2) жануарларды интродукциялау – жануарлар түрлері дарақтарын таралу ареалынан (таралу аясынан) тысқары, бұл түрлер бұрын мекендейген, олар үшін жаңа мекендеу орындарына әдейі немесе кездейсоқ тарату;

3) жануарларды реинтродукциялау – жануарлар түрлері дарақтарын бұрынғы мекендеу орталарына әдейі ауыстыру.

4) аумақтық бөлімше – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелері.

## **2-тaraу. Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру тәртібі**

3. Жануарлар түрлері дарақтарын:

1) санын көбейту;

2) жергілікті фаунаға жануардың жаңа түрін енгізу;

3) жануардың пайдалы қасиеттерін пайдалану мақсатында таралу ареалынан тысқары, олар үшін жаңа мекендеу орындарына әдейі тарату қажеттігі интродукция үшін негіз болып табылады.

4. Жануарлар түрлерінің дарақтарын:

1) бұрын мекендейген түрлерді қайтару;

2) санын қалпына келтіру;

3) репродуктивтігін жақсарту мақсатында оларды бұрынғы мекендеу орындарына әдейі ауыстыру қажеттігі реинтродукция үшін негіз болып табылады.

5. Жануарлардың алуан түрлерінің немесе тұқымдарының дара нұсқаларын шағылыстыру арқылы шаруашылықта пайдалы озық белгілері немесе қасиеттері бар дара нұсқаларды алу қажеттігі будандастыру үшін негіз болып табылады.

6. Жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, жануарларды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету

2007 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау жануарлардың саулығына барынша қамқорлық жасалып, арнайы торларда, контейнерлерде және резервуарларда көлік құралымен тасымалдау арқылы жүзеге асырылады.

8. Жануарларды тасымалдау, тиесінде түсіру кезінде:

1) жануарларға зиян келтіруге және қақпақтардың өздігінен ашылып кетуіне жол бермейтін қауіпсіздік шаралары;

2) ветеринариялық іс-шаралар;

3) желдету, азық және ішетін су;

4) жануарларды тасымалдау кезінде ауру немесе жаралы жануарларды оқшаулау, қажет болған жағдайда алғашқы көмек көрсету қамтамасыз етіледі.

9. Аумақтық бөлімшениң бүйрүғымен құрамына аумақтық бөлімшениң, ветеринариялық қызметтің қызметкерлері және өтініш беруші енгізілетін жануарларды қабылданап алу және табиғи ортаға жіберу жөніндегі комиссия құрылады.

10. Жануарлар межелі орынға әкелінген соң комиссия осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша жануарларды қабылданап алу (жіберу) актісін жасайды.

11. Бейімделу және карантин мақсатында өтініш беруші жіберілетін жерге келген соң биологиялық негізdemеге сәйкес түріне, жасына және табиғи физиологиялық жай-күйіне байланысты жануарларды күтіп-бағу талаптарына сай келетін торларда, қоршауларда және басқа үй-жайларда жануарларды ұстай тұруды жүзеге асырады. Бейімдегеннен кейін комиссия олардың табиғи жай-күйі көрсетілген осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша жануарларды жіберу актісін жасайды.

12. Аумақтық бөлімшелер жануарлардың жай-күйіне және интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсаттарына қол жеткізуі есепке алу мен мониторингілеуді жүзеге асырады.

Жануарларды интродукциялау,  
реинтродукциялау және  
будандастыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## Жануарларды қабылданап алу (жіберу) АКТІСІ

20 жылды " \_\_\_\_ "

(жасалған орны)

Мына құрамдағы комиссия:

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, ветеринариялық қызметтің өкілдері және өтініш беруші:

---

---

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі лауазымы)

Жануарларды қабылдап алуды (жіберуді) жүргізді:

Жануар түрі	Саны	Жынысы	Жануардың табиғи жай-күйі
		еркегі	ұрғашысы
			төлі

Косымша мәліметтер: \_\_\_\_\_

---

---

Акт үш данада жасалды.

Қолдары:

1. \_\_\_\_\_

---

2. \_\_\_\_\_

---

3. \_\_\_\_\_

---

Жануарларды интродукциялау,  
реинтродукциялау және  
будандастыру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

## Жануарды қолда ұстағаннан кейін жіберу АКТІСІ

20 жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

---

(жасалған орны)

Мына құрамдағы комиссия:

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, ветеринариялық қызметтің өкілдері және өтініш беруші:

---

---

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі лауазымы)

Жануарларды жіберуді жүргізді:

Жануар түрі	Саны	Жынысы	Жануардың табиғи жай-күйі
		еркегі	ұрғашысы
			төлі

Қосымша мәліметтер: \_\_\_\_\_

Акт үш данада жасалды.

Қолдары:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_